



Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 26 қазандағы N 86 Заңы

Брюссельде 1996 жылғы 31 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН СОЛТҮСТІК АТЛАНТ ШАРТЫ ҰЙЫМЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

(1996 жылғы 31 шілдеде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан
НАТО штаб-пәтеріндегі Тұрақты өкіл,
Елші Әуесхан Қырбасов

Солтүстік Атлант Шарты ұйымының атынан
Солтүстік Атлант Шарты ұйымының Бас хатшысы Хавьер Солана

Қазақстан Республикасының Солтүстік Атлант Ынтымақтастық Кеңесінде (САЫК)/
Бейбітшілік үшін әріптестікте (БҮӘ) әріптес ел болып табылатынын тани отырып;

Саяси мәселелер мен қауіпсіздік проблемалары бойынша консультациялар өткізуге,
Еуропадағы саяси және әскери ынтымақтастықты кеңейтуге және күшейтуге келісе
о т ы р ы п ;

Осы саладағы тиімді ынтымақтастық үшін тараптар арасында елеулі және/немесе
айрықша ақпараттармен алмасу қажеттігін түсіне отырып;

Төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Т а р а п т а р :

- (i) екінші Тараптың ақпараты мен мәліметін қорғайтын және сақтайтын;
- (ii) екінші Тараптың ақпараты мен мәліметін ескере отырып, Тараптардың кез келгені белгілеген құпия ақпарат пен мәліметте рұқсат беру шарттары болуын қамтамасыз ету үшін қажеттінің барлығын жасайтын және осындай ақпарат пен мәліметті келісілген ортақ стандарттар бойынша қорғайтын;
- (iii) алмасатын ақпарат пен мәліметті тиісті бағдарламалар шеңберінде, сондай-ақ

осы бағдарламаларға қатысы бар шешімдер мен қарарларда көзделмеген мақсаттар үшін п а й д а л а н б а й т ы н ;

(iv) мұндай ақпарат пен мәліметті ақпарат беруші тараптың келісімінсіз үшінші бір тарапқа бермейтін болады.

2-бап

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі өздерінің кәсіби міндеттері бойынша САЫК немесе БҮӘ шеңберінде алынған ақпараттар мен мәліметтерге рұқсаты бар барлық өз азаматтарына, олар мұндай ақпараттар мен мәліметтерге рұқсат алғанға дейін, рұқсат беруді тиісті түрде ресімдеуге міндеттеме алады.

(ii) Рұқсатты ресімдеу рәсімі адамның түзу ниеттілігі мен сенімділігін назарға ала отырып, оның мұндай ақпараттың құпиялылығына қауіп келтірмейтіндігін анықтау түрінде жүргізілуі тиіс.

3-бап

Қауіпсіздік жөніндегі НАТО (NOS) кеңсесі, Бас Хатшының және Төрағаның, НАТО Әскери Комитетінің басқаруымен және олардың атынан, Солтүстік Атлантикалық Кеңес пен НАТО Әскери Комитетінің атынан және олардың нұсқауларына сәйкес іс-қимыл жасай отырып, САЫК/БҮӘ шеңберінде алмасатын құпия ақпараттың қауіпсіздігі мен қорғалуы мәселелері үшін жауапты болады.

4-бап

Қазақстан Республикасы функциялары ұқсас ұлттық қауіпсіздік органдары туралы NOS-ты хабардар етеді. Алмасатын ақпараттың қауіпсіздігін өзара қорғауды және Қазақстан Республикасының органдары мен NOS арасындағы байланыс стандартын қамтитын жекелеген Әкімшілік Шарттары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасында әзірленетін болады.

5-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасында кез келген құпия ақпаратты алмасқанға дейін қауіпсіздіктің жауапты органдары алушы тараптың алынған ақпараттың жіберушінің талаптарына сәйкес қорғалуын қамтамасыз етуге дайын екендігіне өзара көз жеткізулері керек.

Осыны куәландыру ретінде жоғарыда аталған Өкілдер осы Келісімге қол қойды.

1996 жылғы 31 шілдеде Брюссельде бірдей күші бар ағылшын және француз тілдерінде екі данада қол қойылды.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Әуесхан Қырбасов

Солтүстік Атлант Шарты
ұйымы үшін
Хавьер Солана

Осымен 1996 жылғы 31 шілдеде Брюссель қаласында жасалған, Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісімнің қазақ тіліне бейресми аудармасының тең түпнұсқа екендігін куәландырамын

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і н і ң
М е м л е к е т т і к т і л ж әне қ ұ ж а т
а й н а л ы м ы б а с қ а р м а с ы н ы ң

б а с т ы ғ ы

НАТО ҚАУІПСІЗДІК ОФИСІ ӘРІПТЕСТІК ҮШІН ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫҚТАР

Н А Т О

1 1 1 0

Б р ю с с е л ь

т е л е ф о н : (3 2 2) 7 2 8 4 1 1 1

т е л е к с : 2 3 8 6 7

телефакс: (32 2) 728 52 27

1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 0 м а м ы р

НАТО қауіпсіздік офисі (94) 10

Солтүстік Атлант ынтымақтастығы кеңесі/Бейбітшілік

жолындағы әріптестік/ҚҰПИЯ ЕМЕС

НАТО қауіпсіздік офисі осы ақпаратты құжаттармен алмасу, рұқсатнамаларды әзірлеу процесіне және басқа да әкімшілік шараларға дайындық үшін көмек ретінде ұсынады. Сұрақтар туындаған жағдайда қосымша 4001 нөмірі бойынша тікелей менімен хабарласуыңызды сұраймын.

(қолы)

Питер Дж.Галлант

Н Қ О - н е (9 4) 1 0

1-қосымша

**Әріптес елдер тағайындаған өкілдер үшін рұқсатнамаларды
беру рәсімі**

1. Осы рәсімдер Солтүстік Атлант ынтымақтастығы кеңесіне және/немесе БЖӘ қатысатын мемлекеттер тағайындаған әріптес елдердің ресми өкілдеріне қолданылатын болады.

I. Объектілерге кіруге қатысты рұқсат

2. Әріптес елдердің тағайындалған өкілдеріне және қызмет көрсетуші персоналға белгіленген үлгіде рұқсатнамалар берілетін болады.

3. Құжат иесі туралы ақпарат (Т.А.Ә., азаматтығы, рұқсатнаманың қолданыс мерзімі және суреті) көрсетілген рұқсатнама бір жылға жарамды болады; тиісті сұраныс жолданған жағдайда оның мерзімі ұзартылуы мүмкін. Рұқсатнама құпия емес объектілер аймағына кіруге мүмкіндік береді. Күзетілетін аймақтарға кіру кезінде рұқсатнама иесі келуші ретінде қаралады. Күзетілетін аймақтарға келген кезде әріптестердің өкілдерімен міндетті түрде ілесіп жүру керек. Кезекші бөлмесінен бастап ілесіп жүруге өзіне кетіп-келуші келген НАТО-ның тұрақты рұқсатнамасы бар өкілі жауапты болады. Кезекшілердің бөлмелері негізгі кіре беріс есікте және солтүстік кіре беріс есікте "К" дәлізінде орналасқан. Әріптестердің өкілдеріне берілген рұқсатнамалардың иелері келушілерді тек өз офисіне және белгіленген қызметтік үй-жайларға ғана (Na және Nb) өткізуге құқылы.

II. Рәсімдер

4. Рұқсатнамаларды алу үшін Атқарушы хатшылыққа өмірбаянды тапсыру қажет. Осы ақпаратты ұсынбаған қызмет көрсетуші персонал Атқарушы хатшылықтан алуға болатын қоса берілген нысанды толтыруы тиіс. Жоғарыда көрсетілгендер түгел орындалғаннан кейін, Атқарушы хатшылық әріптестер өкілдерін суретке түсу және рұқсатнамаларды беру сияқты алдын ала белгіленген шарттылықтарды орындау үшін НАТО штабының негізгі кіре беріс есігінің вестибюліндегі кезекші бөлмесіне келу қажеттілігі туралы хабардар етеді. Байланыс офицерлері қолда бар рұқсатнамаларын жаңа рұқсатнамаларға айырбастауы қажет.

Әріптестермен ынтымақтастық жөніндегі НАТО қызметіне өкілдерді тағайындау және рұқсат беру

Берілді:

_____ (е л н е м е с е ұ й ы м)

Берілген күні және орны:

Дейін жарамды:

Осымен

Тегі:

Аты:

Әкесінің аты:

_____ (е г е р қ о л д а н ы л с а)

Туған күні: _____
(күні айы жылы)
Туған жері: _____
Азаматтығы: _____
Жұмыс орны: _____
Төлқұжатының/ куәлігінің N _____
Қандай орган берген: _____

К ү н і :

Әскери атағы және нөмірі: _____
(қайда қолданылса)

қатысу үшін тағайындалғаны расталады.

Ресми мөр
Н Қ О - н е (9 4) 1 0
2-қосымша

САБК/БЖӘ байланысы тұрақты офицерлерінің өмірбаяны мазмұнына қойылатын талаптар

1. Өз өкілдері мен қызмет көрсетуші персоналын тағайындайтын әріптес елдер қарау және рұқсатнамаларды беру процесін бастау мақсатында Атқарушы хатшылыққа олардың тектері мен толық өмірбаяндарын беруі тиіс. Әріптес елдердің ресми адамдарына НАТО-ға рұқсатнама алу үшін өз өмірбаяндарын егер олар оны бұрын жіберген болса, қайта жіберуінің қажеттігі жоқ.

2. Өмірбаянда мыналар көрсетілуі қажет:

(а) жеке ақпарат (жұбайы (күйеуі) мен балаларын қоса алғанда, егер болса): толық аты (әкесінің аты, егер қолданылса), туған күні мен туған жері;

(б) б і л і м і ;

(в) әскери қызметті өткеруі (егер ондай болса);

(г) жұмыс орнын толық көрсету (бұрын атқарған лауазымдары/тағайындалуы, атақтары мен дәрежесі), тілдерді білуін қоса алғанда.

Н Қ О - н е (9 4) 1 0
3-қосымша

Тәртіп кодексі

- Солтүстік Атлант ынтымақтастығы кеңесі/Бейбітшілік жолындағы әріптестік бағдарламасы шаралары шеңберінде Солтүстік Атлант Кеңесінің әріптес-елдерге НАТО штаб-пәтері мен Монс қаласында орналасқан Әріптестікті үйлестіру жеке орталығы жанындағы саяси және әскери органдарға қатысу жөніндегі ұсынысын; және

- Солтүстік Атлант Кеңесі әріптес елдерді әріптестіктің негізін қалайтын ынтымақтастық қағидаттарына қайшы келетін және/немесе Альянсқа қатысушы елдердің ұлттық мүдделеріне залал келтіретін қызмет үшін НАТО-ның құралдары мен объектілерін пайдаланбау жөнінде өздеріне міндеттеме қабылдаулары жөнінде сұрау

с а л ғ а н ы н е с к е р е о т ы р ы п ,
_____ (әріптес-елдің) _____ үкіметі бұл ретте міндеттемені
қ а б ы л д а ғ а н ы т у р а л ы м ә л і м д е й д і .

Осыны растау ретінде, белгіленген тәртіпте уәкілетті бола отырып төменде қол қоюшы өз үкіметі атынан өзінің қолын қойды _____ (күні).

Н Қ О - н е (9 4) 1 0

4-қосымша

НАТО және Солтүстік Атлант ынтымақтастығы кеңесіне және/немесе "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасына қатысушы елдер арасындағы Қауіпсіздік туралы келісім

Солтүстік Атлант шарты ұйымы (НАТО) және [Елдің атауы] Солтүстік Атлант ынтымақтастығы Кеңесіне (САЫК)/"Бейбітшілік жолындағы әріптестік" (БЖӨ) бағдарламасына әріптес ел ретінде,

саяси мәселелер және қауіпсіздік мәселелері бойынша консультациялар өткізуге әрі Еуропада саяси және әскери ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдетуге келісе отырып,

осы саладағы тиімді ынтымақтастық тараптар арасында елеулі әсері бар ақпаратпен және/немесе шектеулі рұқсаты бар ақпаратпен алмасуға әкелетінін пайымдай отырып,

1. Т ө м е н д е г і л е р т у р а л ы :

i) екінші тараптың ақпараты мен материалдарын қорғауға және сенімді түрде с а қ т а у ғ а ;

ii) егер ақпараттардың немесе материалдардың құпия белгісі болса, онда осы ақпараттар мен материалдар беруші тараптың ақпараты мен материалдарының құпиялылық белгісін ескере отырып, кез келген тарап белгілеген құпиялылық белгісін сақтайтындығын және осындай ақпарат пен материалдардың қабылданған стандарттар бойынша сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерді жұмсауға;

iii) алмасылатын ақпарат пен материалдарды тиісті бағдарламалар мен шешімдер

шеңберінде көзделмеген мақсаттар үшін, сондай-ақ осы бағдарламаларға қатысы бар бұрыштамаларды пайдаланбауға;

iv) беруші тараптың келісімінсіз үшінші тарапқа осындай ақпарат пен материалдарды жария етпеуге келісті.

2. а) [Елдің атауы] САЫК немесе БЖӘ бағдарламалары шеңберінде алмасылатын ақпарат пен материалдарға өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделі немесе рұқсаты бар барлық өз азаматтарына қатысты осындай ақпарат пен материалдарға рұқсат беру алдында, олардың сенімділігін тиісті тексеруден өткізуді өз міндетіне алады.

б) Сенімділікті тексеру рәсімі адам ниетінің түзулігі мен оған деген сенім дәрежесін ескере отырып, ақпарат қауіпсіздігіне қауіп-қатерсіз адамның құпия ақпаратпен жұмыс істей алатындығын анықтауы тиіс.

3. НАТО қауіпсіздік офисі (НҚО) НАТО Бас хатшысы мен Әскери комитеті төрағасының басшылық етуімен және олардың атынан, Солтүстік Атлант кеңесі және НАТО Әскери комитеті атынан әрі оларға бағынысты сипатта іс-қимыл жасай отырып, САЫК/БЖӘ шеңберіндегі ынтымақтастық кезінде тараптар алмасатын құпия ақпаратты қорғауға қатысты қауіпсіздік шаралары үшін жауапты орган болып табылады.

4. [Елдің атауы] НАТО қауіпсіздік офисін ақпарат қауіпсіздігі саласында қандай ұлттық органның осындай өкілеттігі бары туралы хабардар етеді. [Елдің атауы] және НАТО жеке әкімшілік уағдаластықты әзірлейді, уағдаластық басқаларымен қатар тараптар алмасатын ақпарат қауіпсіздігін өзара қамтамасыз ету стандарттарын және НАТО қауіпсіздік офисі мен ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық уәкілетті орган арасындағы байланыс тәртібін қамтиды.

5. Қауіпсіздік жөніндегі жауапты органдар [Елдің атауы] және НАТО арасында кез келген құпия ақпаратпен алмасу алдында ақпаратты беруші тараптың талаптарына сәйкес қабылдаушы тараптың ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге әзір екендігіне өзара көз жеткізуі тиіс.

Н Қ О - н е (9 4) 1 0

5-қосымша

САЫК және БЖӘ бағдарламалары шеңберінде алмасылатын ақпаратты өңдеу мен қорғау жөніндегі ең аз стандарттар

Жалпы ережелер.

САЫК/БЖӘ бағдарламалары шеңберінде тараптар алмасатын барлық ақпарат шектеулі рұқсат берілетін және тек қызмет бабында пайдаланылатын ақпарат болып табылады. Сондықтан ол, тек осы бағдарламаларға қатысатын және өзінің қызмет түріне қарай осы ақпаратқа мүдделі ұйымдар мен адамдарға берілетін болады.

"ҚҰПИЯ" белгісі бар құжаттар (ақпарат) кіруі бақыланатын үй-жайларда өңделеді және сақталады әрі арнайы тексеруден өткен арнайы тағайындалған адамдар тобымен шектеледі. Ақпаратқа рұқсат арнайы тексеруден өткен және өзінің қызметтік міндеттеріне байланысты осындай ақпаратқа және материалдарға тиісті рұқсаты бар белгілі бір адамдар үшін ғана беріледі. "Құпия" белгісі бар құжаттар сенімді құлпы бар сейфтерде сақталады, олардың кілттері немесе кодтық комбинациялары қауіпсіздік қызметінің арнайы тағайындалған адамдарында болады. "ҚҰПИЯ" белгісі бар құжаттарды жөнелту дипломатиялық пошта немесе фельдъегерлік пошта арқылы жүзеге асырылады. "ҚҰПИЯ" белгісі бар ақпаратты берудің электрондық арналары тиісті уәкілетті органның сертификаты бар криптографиялық жүйелермен жабдықталуы тиіс. Бұл құжаттарды арнайы тағайындалған қауіпсіздік офицерінің жазбаша рұқсаты бойынша ғана көбейтуге болады, есеп мәліметтерінде көшірмелер саны және олардың сақталуы көрсетілуі тиіс.

Режимдік бөлім (кеңсе) және құжаттарды бақылау.

6. Әрбір ұйымда САЫК/БЖӘ бағдарламалары бойынша тараптар алмасатын құжаттар мен ақпараттарды қабылдау, беру, бақылау және сақтау үшін режимдік бөлім (кеңсе) құрылуы тиіс. Үлкен ұйымдарда, қажет болғанда қосымша бағынысты режимдік бөлімдер құрылуы мүмкін. Режимдік бөлім немесе бағынысты режимдік б ө л і м :

- барлық құжаттардың кәртішкелерін тіркеуге;
- ұйым ішінде құжаттарды бөлуге;
- осы ұйымда әзірленген құжаттарды жөнелтуге;
- САЫК/БЖӘ бағдарламаларына қатысы бар құжаттарды сақтауға;
- жою туралы акті жасауды қоса алғанда, құжаттарды жоюға жауап береді.

Сенімділікті тексеру және ақпаратқа рұқсат беру.

7. Адамға "ЖАСЫРЫН" немесе "ҚҰПИЯ" белгісі бар ақпараттарға рұқсат берер алдында оның ниетінің түзулігі мен оған деген сенім білдіру мүмкіндігін анықтау мақсатында оның сенімді екендігі тексерілуі тиіс. Тексеру оң нәтиже берген кезде осы адамға тиісті құзыретті орган рұқсат беру нысанын ресімдейді.

8. Құпия ақпаратқа рұқсат берер алдында осы адам тиісті құпиялылық белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеу ережелерімен және осы ережелерді бұзғанда заңдық және тәртіптік зардаптармен танысуы тиіс.

9. Рұқсат нысаны бар адамға құпия ақпарат талқыланатын жиналысқа ұйым атынан қатысу тапсырылған кезде немесе жиналыс режимдік үй-жайда өткізілетін болса, ұйым жиналысты өткізетін ұйымға осы адамның рұқсат нысаны туралы анықтаманы алдын ала жіберуі қажет.

Құпиялылық режимін бұзу.

10. "ЖАСЫРЫН" немесе "ҚҰПИЯ" белгісі бар ақпараттың құпиялылығын бұзған кезде, тиісті қауіпсіздік органы құпияланған ақпараттың жария болу мүмкіндігін

анықтау мақсатында құпиялылықты бұзу жағдаяттарын тергеуді жүргізуі тиіс.

11. Егер ақпараттың жария болуы орын алса, бұл жайлы құжатты әзірлеуші хабардар етіледі және келтірілген залалды бағалау жүргізіледі. Әзірлеуші залалды кеміту жөнінде шаралар ұсынуы немесе ниет білдіруі мүмкін.

12. Құпиялылық режимін бұзу орын алған ұйым кемшіліктерді жою немесе құпиялылық режимінің бұзылуына себепші болуы мүмкін рәсімдерді немесе сақтауға арналған үй-жайларды жақсарту жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Н Қ О - н е (9 4) 1 0

б-қосымша

Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы және САЫК және БЖӘ қатысушы елдер арасында Қауіпсіздік туралы келісімді іске асыру жөніндегі әкімшілік уағдаластықтар

1. Қауіпсіздік туралы келісімнің 5-параграфының ережелеріне сәйкес НАТО қауіпсіздік офисі (НҚО) және әріптес елдің ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесімен айналысатын жауапты ведомстволары жіберуші тараптың талаптарына сәйкес алушы тараптың алатын ақпаратты қорғауға әзір екендігіне екі жақты көз ж е т к і з у і т и і с .

2. НАТО-ға кірмейтін әрбір қатысушы мемлекет немесе ұйым қауіпсіздік туралы уағдаластықты және Қауіпсіздік туралы келісім жөніндегі рәсімдерді іске асыру үшін жауапты ведомствоны белгілейді, және НАТО қауіпсіздік офисіне осы құжатта көзделгеніндей НАТО-да ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоға балама болатын осы ведомствоны атап көрсетеді.

3. НАТО қауіпсіздік офисі, қажет болғанда қауіпсіздік жөніндегі ұлттық ведомстволардың немесе олардың НАТО-ға мүше елдердегі өкілдерінің көмегімен алмасылатын ақпаратты қорғауға бағытталған қауіпсіздік шараларын екі жақты іске асыруға жәрдем көрсету мақсатында НАТО-ға кірмейтін мемлекеттер немесе ұйымдардың қауіпсіздік ведомстволарының өзара іс-қимылын белгілейді.

4. Қауіпсіздік жөніндегі НАТО ережелерінен туындайтын 5-ші қосымшада көрсетілген ең аз стандарттарға сәйкес әкімшілік уағдаластықтар төмендегі мәселелерге қ а т ы с т ы б о л а д ы :

(a) САЫК/БЖӘ бағдарламалары шеңберінде алмасылатын құпияланған ақпаратты қорғау жөніндегі қауіпсіздік шараларын іске асыратын және бақылайтын, ақпарат қауіпсіздігіне жауап беретін әріптес елдердің ведомстволары;

(b) құпияланған ақпаратты негізгі алушы (Орталық кеңсе (режимдік бөлім) болып табылатын әріптес елдің ұйымы);

(c) НАТО ұйымдарымен (бағынысты бөлімдер (кеңселер) тікелей хат-хабар алмасу құқығы бар әріптес елдегі басқа да ұйымдар);

- (d) құпияланған немесе құпия емес құжаттарды беру арналары;
- (e) құжаттарды есепке алу және бақылау рәсімдері;
- (f) құпияланған құжаттарды сақтау үшін пайдаланылатын сейфтердің стандарттары;

- (g) персоналды тексеру рәсімдері, және
- (h) қауіпсіздік нормаларын бұзуды тергеу.

5. Қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылғаннан кейін және жабық сипаттағы ақпаратпен алмасу іске асырылғанға дейін алмасуға жататын құпия ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуге және сақтауға ұйымның немесе қабылдаушы елдің немесе тиісінше НАТО-ның әзірлік дәрежесін тексеруді НАТО қауіпсіздік офисі жүргізеді, ал қабылдаушы ел немесе ұйым тексеруді жүргізуі мүмкін. Жүргізілген тексеру туралы НАТО қауіпсіздік офисінің есептері Бас хатшыға берілетін болады, ал ол өз кезегінде және қажет болған жағдайда Солтүстік Атлант кеңесін хабардар етеді.

6. НАТО және әрбір ынтымақтастық жасаушы ел немесе ұйым құжаттарды жөнелту үшін пайдаланылатын мекен-жайларымен, сондай-ақ құпия және құпия емес ақпаратты жіберу үшін курьерлік немесе фельдъегерлік қызметі туралы ақпаратпен алмасады.

Осымен Әріптестік үшін қауіпсіздік туралы уағдаластықтардың қазақ тіліне бейресми аудармасының тең түпнұсқа екендігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і н і ң
М е м л е к е т т і к т і л ж әне қ ұ ж а т
а й н а л ы м ы б а с қ а р м а с ы н ы ң

б а с т ы ғ ы